

Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2012 жылғы 7 наурыздағы № 6 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 184 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің 7 және 44-тармақтарына сәйкес (Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа тіркелген № 1 қосымша) Еуразиялық экономикалық комиссиясының алқасы **шешті**:

2012 жылғы 7 наурыздағы Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының "Сауда жөніндегі консультативтік комитет туралы" №6 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссиясы
алқасының төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасының
2023 жылғы 27 желтоқсандағы
№184 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2012 жылғы 7 наурыздағы № 6 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Кіріспеде "Еуразиялық экономикалық комиссиясы туралы 2011 жылғы 18 қарашадағы шарттың 19-бабымен" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық комиссиясы туралы ереженің 7 және 44-тармақтарымен (Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа тіркелген № 1 қосымша)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 5-тармақтың күші жойылды деп танылсын.

3. Көрсетілген шешіммен бекітілген Сауда жөніндегі консультативтік комитет туралы ережеде:

а) мәтін бойынша тиісті түрдегі және септіктегі "Тараптар" деген сөз тиісті түрдегі және септіктегі "мүше мемлекеттер" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 1-тармақтың екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"Комитеттің негізгі міндеті осы Ережеге сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) өкілдерімен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) халықаралық

шарттары мен актілерінің жобалары жөніндегі сауда мәселелері бойынша консультациялар өткізу болып табылады.

Комитет өз қызметінде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартты (бұдан әрі – Шарт), Одақ құқығын құрайтын басқа да халықаралық шарттар мен актілерді, Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.";

в) 6-тармақта:

1-тармақшадағы "Кеден одағының (бұдан әрі – КО СЭҚ ТН)" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақшадағы "Кеден одағының (бұдан әрі – КО БКТ)" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақшадағы "КО БКТ" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік тарифі" деген сөздермен ауыстырылсын;

6- тармақша алып тасталсын;

7-тармақшадағы "Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағы" деген сөздер "Одақтың кеден аумағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақша алып тасталсын;

9-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) одақтың кедендік аумағында Шарттың 46-бабында айқындалған үшінші елдермен саудада бейтарифтік реттеудің бірыңғай шараларын енгізу, қолдану, ұзарту және жою;"

10 – 14 тармақшалар алып тасталсын;

15- тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) үшінші елдермен саудада бейтарифтік реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу;"

мынадай мазмұндағы 15¹ және 15²- тармақшалармен толықтырылсын:

"15¹) мүше мемлекеттердің үшінші елдермен саудада мүше мемлекет біржақты тәртіппен енгізетін бейтарифтік реттеудің уақытша шараларын қолдануы;

15²) Комиссияның құзыретіне жатқызылған бейтарифтік реттеу саласындағы өзге де мәселелер;"

16 және 17-тармақшалардағы "шет мемлекеттерден шыққан және Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағына арналған" деген сөздер "үшінші елдерден шыққан және Одақтың кедендік аумағына әкелінетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

г) 14-тармақтағы "бағыттаушы" деген сөз "бағыттаушы" деген сөзбен ауыстырылсын.

